

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1953 қаулысын іске асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 9 ақпандағы N 62 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1433. Күші жойылды - ҚР Қаржы Министрінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 309 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі заемының ұлттық жинақ облигацияларын ұстаушылардың шығындарына өтемақы төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1953 P001953_ қаулысын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі заемының ұлттық жинақ облигацияларын ұстаушылардың шығындарына өтемақы төлеуді жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Мемлекеттік қарыз алу департаменті (А. Дунаев) осы Бұйрықты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жеткізсін.

3. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2001 жылғы 9 ақпандағы
N 62 бұйрығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі заемының ұлттық жинақ облигацияларын ұстаушылардың шығындарына өтемақы төлеуді жүргізу жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі заемының ұлттық жинақ облигацияларын ұстаушылардың шығындарына өтемақы төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1953 P001953_ қаулысын іске асыру мақсатында әзірленді және 1999 жылғы 5 сәуірдегі жағдай бойынша жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі заемының ұлттық жинақ облигацияларына (бұдан әрі - облигация) иелік еткен Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі заемының ұлттық жинақ

облигацияларын ұстаушылар жұмсаған шығындарға өтемақы (бұдан әрі - өтемақы) төлеуді жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Өтемақылардың сомасын анықтау үшін осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген қаулымен бекітілген өлшемдер пайдаланылған.

3. Бір облигацияға арналған өтемақы сомасы қайталама рынокта облигацияларды сату, облигациялардың тиісті эмиссиясын өтеу және оған қызмет көрсету, мерзімдеріне, облигациялардың тиісті эмиссиясы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі төлеген сыйақы мен өтеудің тоқсандық сомаларына байланысты сараланған болып табылады.

2. Облигациялар бойынша өтемақының сомалары

4. Сегізінші эмиссияның бір облигациясына арналған өтемақының сомасы (ұлттық сәйкестендіру нөмірі KZ4CL2406997) мыналарды құрайды:

Көрсеткіштері	теңге	Өтемақының сомасы ж а з у м е н
Жеке тұлға оған қатысты 05.04.99ж. Бастап 24.06.99ж. қоса алғандағы кезеңде иелік ету құқығын жоғалтқан облигация	483,58	Төрт жүз сексен үш теңге елу сегіз тиын
Жеке тұлға ол бойынша сыйақы есептеудің соңғы кезеңінде өтеу және сыйақы сомасын облигация	446,35	Төрт жүз қырық алты теңге отыз бес тиын

5. Оныншы эмиссияның бір облигациясына арналған өтемақының сомасы (ҰСН KZ4CL2312997) мыналарды құрайды:

Көрсеткіштері	теңге	Өтемақының сомасы ж а з у м е н
Жеке тұлға оған қатысты 05.04.99ж. бастап 24.06.99ж. қоса алғандағы кезеңде иелік ету құқығын жоғалтқан облигация	565,69	Бес жүз алпыс бес теңге алпыс тоғыз тиын
— — — — Жеке тұлға оған қатысты 05.04.99ж. бастап 24.06.99ж. қоса алғандағы кезеңде иелік ету	528,46	Бес жүз жиырма сегіз теңге қырық алты

құқығын жоғалтқан облигация

тиын

Жеке тұлға оған қатысты 05.04.99ж. бастап 470,66 Төрт жүз жетпіс
24.06.99ж. қоса алғандағы кезеңде иелік ету теңге алпыс алты
құқығын жоғалтқан облигация тиын

Жеке тұлға ол бойынша сыйақы есептеудің соңғы 439,04 Төрт жүз отыз тоғыз
кезеңінде өтеу және сыйақы сомасын алған теңге төрт тиын
о б л и г а ц и я

6.Он бірінші эмиссияның бір облигациясына арналған өтемақылардың
сомасы (ҰСН KZ4CL2303A09) мыналарды құрайды:

Көрсеткіштері теңге Өтемақының сомасы
ж а з у м е н

Жеке тұлға оған қатысты 05.04.99ж. бастап 601,93 Алты жүз бір теңге
24.06.99ж. қоса алғандағы кезеңде иелік ету тоқсан үш тиын
құқығын жоғалтқан облигация

Жеке тұлға оған қатысты 05.04.99ж. бастап 564,70 Бес жүз алпыс төрт
24.06.99ж. қоса алғандағы кезеңде иелік ету теңге жетпіс тиын
құқығын жоғалтқан облигация

Жеке тұлға оған қатысты 05.04.99ж. бастап 506,90 Бес жүз алты теңге
24.06.99ж. қоса алғандағы кезеңде иелік ету тоқсан тиын
құқығын жоғалтқан облигация

Жеке тұлға оған қатысты 05.04.99ж. бастап 475,28 Төрт жүз жетпіс бес
24.06.99 ж. қоса алғандағы кезеңде иелік ету теңге жиырма сегіз
құқығын жоғалтқан облигация тиын

Жеке тұлға ол бойынша сыйақы есептеудің соңғы 460,80 Төрт жүз алпыс кезеңінде өтеу және сыйақы сомасын алған _____ теңге сексен тиын облигация _____

3. Өтемақыны төлеу тәртібі

7. Облигациялардың тиісті эмиссиясын орналастыруға қатысқан Банктердің (бұдан әрі - Банк) шотына аударуға жататын өтемақының сомаларын осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген қаулының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі анықтайды.

8. Әрбір жеке тұлға бойынша өтемақының сомасын Банк белгілі бір күнгі жеке тұлғаға тиесілі облигациялардың санын, осы Нұсқаулықтың 4-6-тармақтарында көрсетілген бір облигацияға арналған өтемақының сомасын ескере отырып анықтайды және Ұлттық жинақ облигацияларын ұстаушылардың шығындарына өтемақы төлеу жөніндегі ведомоста көрсетіледі.

9. Осы Нұсқаулықтың 8-тармағында көрсетілген Ведомостқа сәйкес жеке тұлғаға төлеуге жататын өтемақының сомасы жеке тұлғаның өтініші негізінде т ө л е н е д і :

- қолданылып жүрген жинақ шоты болған кезде - жеке тұлғаның осы шотына;

- жинақ шоты болмаған кезде - өтемақының сомасы қайта ашылған жинақ шотқа аударылуы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолма-қол ақшамен төленуі мүмкін.

10. Өтемақы 2002 жылғы 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде төленеді. Банк Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 2001 жылдың бірінші тоқсаны үшін төленген өтемақының сомалары туралы, ал кейіннен тиісті жылдың 1 шілдесі мен 1 қаңтарындағы жағдай бойынша мәліметтер ұсынады.

11. Осы Нұсқаулықтың 10-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін өтемақы сомасын төлеу тоқтатылады. Банктің шотындағы өтемақының төленбеген қалдықтары 2002 жылдың 25 желтоқсанындағы жағдай бойынша республикалық бюджеттің кірісіне аударуға жатады.

12. Нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде өтемақы алуға рұқсат беріледі. Жеке тұлға - өтемақы алушы қайтыс болған жағдайда өтемақы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туыстарына төленеді.